Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілердің деструктивтік діни ағымдардың қызметіне араласуын болдырмау бағытындағы семинар-жиналысының хаттамасы

2026 жылғы 4 сәуір *Жезқазған қ.*

Төрағалық етуші:
Аппарат басшысы – Д.К. Джакуплов
Қатысушылар:
Даулеткельдина А.Б. «Ұлытау облыстық мәслихатының аппараты» ММ-нің бас инспекторы - заңгері
Жолаев Е.Р. - «Ұлытау облыстық мәслихатының аппараты» ММ-нің бас инспекторы;
Карахметов М.С. - «Ұлытау облыстық мәслихатының аппараты» ММ-нің бас инспекторы;
Нұрмағамбетов Р.Б. - «Ұлытау облыстық мәслихатының аппараты» ММ-нің бас инспекторы;
Қанатбекова Г.Қ. Ұлытау облыстық мәслихатының аппараты» ММ-нің бас инспекторы бухгалтері;

Шақырылған: Тілләбек Саян – Ұлытау облысының дін істері басқармасының «Діндерді зерттеу орталығы» КММ-нің директоры, дінтанушы.

Күн тәртібінде:

Мемлекеттік қызметшілердің деструктивті діни ағымдардың қызметіне араласуын болдырмау және діни экстремизмнің алдын алу бағытындағы профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы.

Сөз сөйлеген: Тілләбек Саян – деструктивті діни ағымдардың ерекшеліктері мен олардан туындайтын негізгі қауіп-қатерлер туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар, «зайырлы мемлекет» ұғымына тоқталып, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттің зайырлы сипатта екендігін және азаматтардың ар-ождан бостандығына құқығы бар екенін атап өтті.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін атқару барысында діни көзқарастарын өзгелерге таңбауына, азаматтарды қоғамдық немесе діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға мәжбүрлемеуіне, діни экстремизм көріністеріне жол бермеуіне және мемлекеттік құрылымның негіздеріне нұқсан келтіруге бағытталған үгіт-насихат әрекеттерінің алдын алу қажеттігіне назар аударды.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әріптестері мен халық арасында діни сауаттылықты арттыруға және деструктивті діни идеологияның алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының басшысы Д.К. Джакупов Саян Тілләбекке мазмұнды ақпарат бергені және семинар-жиналысқа қатысқаны үшін алғыс білдірді.

Шешім: Тілләбек Саянның ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында айтқан ұсыныстары мен ақпараты назарға алынсын.

Мемлекеттік қызметшілерге қоғамның моральдық-этикалық нормаларын мүлтіксіз сақтау және қызметтік әдеп талаптарын басшылыққа алу ұсынылсын.

Мемлекеттік қызметшілердің діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясат талаптарын, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінде белгіленген нормалар мен шектеулерді сақтау қамтамасыз етілсін.

Аппарат басшысы,
Әдеп жөніндегі уәкілі **Д.К. Джакупов**

Карахметов М.С.

4 сәуір 2026 жыл